

## **Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі Тоқшын ауылы шекараларының өзгеруі туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігі мен Аққайың аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 маусымдағы біріккен N 151 қаулысы мен шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 шілдеде N 13-2-105 тіркелді.

**Ескерту.** Бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосы", "селосының", "біріккен" сөздері тиісінше "ауылдық", "ауылы", "ауылының", "бірлескен" деген сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 25.12.2018 № 340 бірлескен қаулысымен және Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 25.12.2018 № 27-16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабы 3) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**Ескерту.** Преамбула жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 25.12.2018 № 340 бірлескен қаулысымен және Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 25.12.2018 № 27-16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Аққайың ауданы Тоқшын ауылдық округі Тоқшын ауылы шекараларының келесі өзгерістері жасалсын:

темір жол жолақтарының шекараларына қосумен көлемі 12 гектар жер учаскелері Тоқшын ауылының шегінен алынып тасталсын;

темір жол көлігінің жерлерінен көлемі 15 гектар жер учаскелері Тоқшын ауылының шегіне қосылсын;

қосымшаға сәйкес алқаптар бойынша Тоқшын ауылы шектерінің 2905 гектар ақырғы ауданы анықталсын.

2. Аудандық мәслихаттың біріккен шешімі мен аудандық әкімдіктің қаулысы Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған кезден бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
Аудандық мәслихаттың  
XIV сессиясының  
төрағасы және аудандық  
мәслихаттың хатшысы

Р. Елубаев

Б. Біләлов

Бірлескен 2009 жылғы 22 маусымдағы Аққайың  
аудандық мәслихаттың № 14-7 шешімі мен  
Аққайың аудандық әкімдігінің № 151 қаулысына  
қосымша

## Солтүстік Қазақстан облысы Тоқшын ауылдық округінде Тоқшын ауылы жер орналастыру жоба Экспликациясы

Жер қолданушылардың атауы	Барлығы шектерде	Шаруашылық қабекітілді	Соның ішінде							бұталар
			жайылымдар	бақшалар	сады	жайылымдар		барлығы а/ш алқаптары		
						бақтар	с.і. жақсартылғандар			
Тоқшын с. (2005ж. жобасы бойынша)	3107	2902	81	13	1	2079	216	2174	5	
Тоқшын с. жерлерінен алынып тасталады										
ООТЖ жерлеріне	12	12	-	-	-	6	-	6	5	
Тоқшын с. шегіне қосылады										
ООТЖ жерлеріне	15	15	-	-	-	12	-	12	-	
БАРЛЫҒЫ жоба бойынша	3110	2905	81	13	1	2085	216	2180	-	

### кестенің жалғасы

соның ішінде							Басқа жер қолданушылар				
су астында			батпақтар	жолдар	кұрылыстар	басқалары	барлығы	с.і.			
өзендер, жылғалар	өзендер	жасанды су тоғандары						"Аққайың мемлекеттік мән мекемесі" мм	"Есіл су" РМК	байланыс	СКОДТКАО
-	199	1	179	47	184	113	205	179	3	4	19
-	-	-	-	-	1	-	-	-	-	-	-
-	-	-	2	-	1	-	-	-	-	-	-
-	199	1	181	47	184	113	205	179	3	4	19

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК